

ӘОЖ 343.3/.7

¹Е.Ж. Беисов, ²Д.М. Мамажанова*¹І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, з.ғ.к., Қазақстан, Талдықорған қ.²І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2-курс магистранты, Қазақстан, Талдықорған қ.

*e-mail: dinar_1183@mail.ru

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік құбылыс ретінде қоғам үшін қауіптілігі

Сыбайлас жемқорлық халықты қанаудың көлеңкелі көрінісі бола отырып, адамзат қоғамының даму кезеңдерінен қалыспай келеді. Лауазымды адамдардың қызметті өзінің бас пайдасының қамы үшін пайдаланудан туған қылмыс дегенді білдіреді.

Ол барлық уақытта да сынға ұшырап, айыпталып, онымен үнемі күрес жүргізіліп келеді. Бұл қоғамдық дерттің алатын орны жөнінде әңгіме қозғағанда Цицеронның: “егер паракорлар өздеріне қажеттісін жымқырған болса ғана қалтырайды. Ал егер де басқалармен де бөлісуге жетерліктей жымқырған болса, онда олар үшін аса қорқыныш жоқ” деген белгілі сөзін еске алуға болады. Сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабу барлық партиялар мен қозғалыстардың бағдарламаларынан орын алды, әлі де орын алып келеді. Солай бола тұрса да бұл індет ең мықты деген саяси режимдердің арасынан сыналап кіріп кеткені. Сонымен бірге сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес көбінесе айтарлықтай моральдық шығындарға ұшырататыны да белгілі.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлық халықты қанаудың көлеңкелі көрінісі, сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабу, қоғамдық дерттің алатын орны.

Е. Ж. Беисов, Д.М. Мамажанова

Коррупция как негативное социальное явление

Казахстан осознает, что коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций и негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны.

В целях сбалансированности трудовых, финансовых ресурсов и исключения дублирования мероприятий данная Программа скоординирована с программами «Основные направления экономической политики и организационных мер по сокращению размеров теневой экономики в Республике Казахстан на 2005-2010 годы» и «Борьба с правонарушениями в сфере экономики в Республике Казахстан на 2005-2007 годы».

Общий контроль за реализацией Программы будет осуществляться Администрацией Президента Республики Казахстан.

Государственные органы, ответственные за выполнение мероприятий Программы, представляют отчеты о ходе работы в Агентство Республики Казахстан по борьбе с экономической и коррупционной преступностью (финансовую полицию), которое обобщает сводную информацию о ходе реализации Программы с последующим направлением ее в Правительство Республики Казахстан для рассмотрения на расширенных заседаниях и при необходимости утверждения соответствующих отраслевых программ.

Ключевые слова: коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, государственная программа борьбы с коррупцией, борьба с правонарушениями в сфере экономики.

E. J. Beisov, D.M. Mamajanov

Corruption as negative social phenomenon

Kazakhstan realizes, that the corruption brakes process of socio economic development, construction of market economy, of attraction of the investments and negatively influences political and public institutes of the democratic state, represents serious threat to the future development of the country.

The general(common) control of realization of the Program will be carried out by Administration of the President of Republic of Kazakhstan.

For execution(performance) of measures on realization of the Program the Government of Republic of Kazakhstan can

create interdepartmental groups, which should represent the reports to target dates and will bear responsibility for their qualitative and duly performance.

At the second stage (2009-2010 years): growth of activity of not governmental organizations, political parties(sets) and public associations in realization anticorruption of politics; creation of conditions for the further growth of economy and improvement of an investment climate; expansion of the international cooperation in the field of struggle with corruption; strengthening of prestige of the state on the international arena.

Key words: that the corruption brakes process of socio economic development, struggle with offences in sphere of economy, expansion of the international cooperation in the field of struggle with corruption.

Сыбайлас жемқорлық халықты қанаудың көлеңкелі көрінісі бола отырып, адамзат қоғамының даму кезеңдерінен қалыспай келеді. Лауазымды адамдардың қызметті өзінің бас пайдасының қамы үшін пайдаланудан туған қылмыс дегенді білдіреді.

Ол барлық уақытта да сынға ұшырап, айыпталып, онымен үнемі күрес жүргізіліп келеді. Бұл қоғамдық дерттің алатын орны жөнінде әңгіме қозғағанда Цицеронның: “егер парақорлар өздеріне қажеттісін жымқырған болса ғана қалтырайды. Ал егер де басқалармен де бөлісуге жетерліктей жымқырған болса, онда олар үшін аса қорқыныш жоқ” деген белгілі сөзін еске алуға болады.

Сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабу барлық партиялар мен қозғалыстардың бағдарламаларынан орын алды, әлі де орын алып келеді. Солай бола тұрса да бұл індет ең мықты деген саяси режимдердің арасынан сыналап кіріп кеткені. Сонымен бірге сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес көбінесе айтарлықтай моральдық шығындарға ұшырататыны да белгілі.

Көптеген елдердің тәжірибесі осы кеселмен күрес процесінде адамдардың пайдакүнемдік, қанағатсыздық, көре алмаушылық, арсызқойлық сияқты әрекеттермен жиі ұшырасатындығын байқатып отыр. Бюрократиялық мінез-құлықты уақытша сауықтыру моральдық шығындардың орнын толтыра алмасы анық. Ал сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептері қоғамдағы бюрократиялық қасиеттер екені белгілі. Қанша дегенмен адамзаттың ақыл-ойы әлі сан алуан әлеуметтік қатынастарды болжап-бағдарлап, қарастырып, ретке кетіре қоятындай жағдайға жете қойған жоқ. Кейбір жағдайда сан-алуан тыйым салу мен жарлықтардың пайда болуы сөз жоқ ынта жігерді басып тастап және экономикалық дамуға да бөгет жасайтындығы жасырын емес. Солай бола тұрса да, осы бөгеттерді бұзып-жаруға деген ұмтылыс байқалады.

Сауал салған кәсіпқойлардың жартысы парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты нарықтық реформаның ең басты тежегіші деп санайды.

Ол біздің елімізде ғана емес, Латын Америкасы, Қытай мен Жер Орта теңізі, Таяу және Орта Шығыс, Орталық Еуропа, тропикалық Африка елдерсі. Бұл, сонымен бірге күні кеше ғана оны онша сезе қоймаған дамыған елдердің де (Германия, Бенилюкс, Канада) мәселесіне айналып барады. Сондай-ақ бұл дерт ұлттық болмысы мен сана-сезімі, ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті мызғымастай қалыптасқан елдерге де (Италия, Ресей, Мексика, Түркия, Жапония) сыналып кірісе бастады. Сөйтіп, қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлық көптеген мемлекеттерде етек жая бастады деп сеніммен айтуға болады. Сыбайлас жемқорлық және онымен күрес проблемаларының өзектілігі әдеттегідей әлеуметтік шиеленістермен, экономикалық тұрақсыздықпен, қайыршылықпен сабақтасып жататын реформаларды жүзеге асыру кезеңдерінде айрықша байқалады. Дәл осы сыбайлас жемқорлық Тайландты СПИД-пен ауратын адамдардың отанына айналдырып отыр. Бұл елде жезөкшелікке тыйым салынған. Солай бола тұрса да, бір Бангкоктың өзінде ғана мыңнан аса зинақорлық үйлер заңсыз қызмет жасайды екен. Мұндай үйлерді ұстаушылар жергілікті астаналық полицияға жылына 600 мың доллар төлеп тұратын көрінеді.

Сыбайлас жемқорлық деңгейі экономикалық дағдарыс құбылысына бейім тұрған елдерде тым жоғары. Ол дәл қазіргі Қазақстан мен бұрынғы Одақтың басқа да елдеріне тән.

Сыбайлас жемқорлық пен қылмыстылық 1994-1996 жылдары Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) ұлттық, аймақтық және ауқымды кездесулері мен конференцияларының, съездерінің басты арқауы болып, сайлау мен басқа да саяси науқандардың негізгі мәселелеріне (көптеген ұлттық, сондай-ақ аймақтық қауым-

дастықтардың тағдырына байланысты) айналған екен. Жемқорлық үшін, тіпті, қазіргі және бұрынғы президенттерді де, вице-президенттер мен экс-президенттерді де, премьер-министрлерді де, әскери-саяси блоктар мен алып экономикалық топтардың лидерлерін де қызметінен алып, жауапқа тартып жатады.

XX ғасырдың аяғы сыбайлас жемқорлыққа байланысты проблемаға ерекше мән берумен бірге, осы тұрғыдағы құбылыспен күрес жүргізуге арналған сан қырлы ғылыми ізденістердің өсуімен де ерекшеленеді. Бұл мәселеге байланысты алғашқы ғылыми зерттеулерді америка криминологі Э. Сатерланд және оның көмекшісі Кресси жолға қойды. Тұңғыш рет Э.Сатерланд “ақ жағалылардың” қылмыстылығы деген ұғымды енгізді, ал бұл ұғымнан Батыс елдерінің ғалымдары сыбайлас жемқорлықты қылмыстылықтың ереже тобына жатқызып, жеке бөліп алды [25, 320-330 б.]. Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық ұғымы азаматтық қоғамда үйреншікті құбылысқа айналса, ал екінші жағынан, Қазақстанның қауіпсіздігіне, елдің экономикасының дамуына кереғар әсер ететін факторға айналууда. Статистикалық мәліметтерге көз салсақ Республикада сыбайлас жемқорлықтың нәтижесінде көлеңкелі бизнес дамып, жылына мемлекеттік қазынаға түсетін 540 миллион доллар кіріске кірмейді, яғни ішкі табыс көзінің 27%-ы желге ұшқандай болады екен.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика деректеріне көз салсақ 2003 жылы Республика бойынша 807 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген, бұл жемқорлық қылмысының қоғам үшін қауіптілігі 2002 жылмен салыстырғанда 60% азайғандығын көрсетеді.

2002 жылы 20 қыркүйекте Қазақстан Республикасында құқықтық саясат концепциясы қабылданды, осы құжатта сыбайлас жемқорлықтан сақтандыру шараларына мән берілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама жүзеге асырылууда. Өйткені мемлекет пен қоғам мүддесіне тікелей қатысты ең қауіпті әлеуметтік құбылыстың бірі сыбайлас жемқорлық болып табылады. Онымен күрес мәселесі әртүрлі деңгейде талқыланатын басты тақырыпқа айналды. Тек 2006-2008 жылдары аралығында ғана орталық баспасөз беттерінде

сыбайлас жемқорлыққа арналған мыңнан астам материалдар жарияланды. Осы әлеуметтік қауіпті құбылыспен күрестің көкейтестілігі мына жағдайларға байланысты:

а) Сыбайлас жемқорлық азаматтардың конституциялық бостандығы мен құқықтарын бұзуға әкеліп соғады. Көптеген жылдар бойы жүргізілген әлеуметтік зерттеу азаматтардың басым бөлігін ойландыратын маңызды мәселелер арасында бірінші орынға сыбайлас жемқорлықпен күрес екендігін дәлелдеп отыр.

б) Осы құбылыстың мемлекеттік-билік құрылымдарында тез тарау ерекшелігі бар.

в) Сыбайлас жемқорлықтың өріс алуы мемлекеттік аппараттың жұмысына нұқсан келтіріп, оның беделін түсіреді. Қоғамдық санада өкімет органдары жұмысының тиімсіз екенін, олардың құзіретінің әлсіз екенін көрсетеді. Халықтың өкіметтен алшақтауы орын алады. Осының бәрі мемлекет пен қоғамның саяси қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіреді.

г) Сыбайлас жемқорлықтың қазіргі кездегі көлемі өте үлкен. Өз өкілеттігін сатумен бірге, оны сатып алушы адамдардың көбейе түсуі, билік тармақтарының барлығының да сыбайлас жемқорлық кеселіне душар болғанын көрсетеді. Мұны соңғы жылдарда жүргізілген криминологиялық зерттеулер айқын көрсетіп отыр.

д) Сыбайлас жемқорлар өз мақсаттарына жетуде ұйымдасқан қылмыстарды пайдаланады. Сыбайлас жемқорлық арқасында ұйымдасқан қылмыс экономиканың маңызды секторларына өз ықпалын жүргізуде, бұл тұрғыда олар шын мәнінде жаңа сапа мен түрге ие болды.

и) Сыбайлас жемқорлық табиғи және жасанды латентті қылмыс болып табылады. Оны жүзеге асырушы субъектілердің жоғары қоғамдық дәрежесі, олардың іс-әрекет қимылдарының интеллектуалдық ерекшелігі, бұл топтағы адамдарға билік басындағылардың ізгілікпен қарауы, сыбайластық іс-әрекетке “келісімділік” сипатын (арыз айтылмайды, себебі кінәлі екі жақта заңсыз іс-әрекет арқылы пайда табады) т.б. осы тұрғыдағы қылмыстардың өзіндік ерекшелігін бейнелейді.

а) Сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне оны тежеуге сәйкес келетін қылмыстық заңдардың санкциясын жетілдіру;

б) Сыбайлас жемқорлықты және өкімет

билігіне қызмет жасаудан сақтандыруды реттейтін механизмдерді дайындау;

в) Сыбайлас жемқорлықпен құныққан лауазымды тұлғаларды анықтаудың, тергеудің және соттаудың тетіктерін қабылдау;

г) Сыбайлас жемқорлық арқылы алынған мүліктер мен құралдарды тәркілеудің құқықтық ережесін белгілеу.

д) Сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар кәсіпорындарға экономикалық санкция қолдану өте маңызды.

Осы конгресс “Сыбайлас жемқорлықпен күрестің практикалық шаралары” атты нұсқауда қаралды, ал нұсқаудың қайта дайындалған варианты баспасөзде жарық көрді және “Конгресс мемлекеттік басқару саласындағы сыбайлас жемқорлық” атты шара қабылданды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері Амстердам қаласында 1992 жылдың 9-12 наурыз аралығында өткен осы мәселемен күреске арналған 5- халықаралық конференцияда талқыланды.

Жалпы алғанда коррупциялық құқық бұзушылық сан түрлі және ол (қылмыстық құқықпен қатар) әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік құқық бұзушылық сипат алады. Тек қана осы Амстердам қаласында өткен конгресте, құқықтық шаралар арасында, қылмыстық заңды қолдануға және оны дамытуға үлкен мән берілген.

Атап өткеніміздей, мұндағы негізгі мәселе заңды қолдану практикасына байланысты. Бірақ бұл сыбайлас жемқорлық туралы қылмыстық заңды жетілдіру қажет емес дегенді білдірмейді. Осы тұрғыдан алғанда мына мәселелер бойынша заңдылық анықтама берудің мәні зор деп есептеледі: а) сыбайлас жемқорлыққа қылмыстық құқықтық анықтама беру; б) сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық құқықтық нысанындағы көріністерін анықтау; в) сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық заңдылықтарды жетілдірудің басқа да тиімді жолдарын белгілеу.

Сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық-құқықтық көрініс нысандары: Сыбайлас жемқорлықтың көрініс түрлері жайлы көптеген пікірлер бар. Бірақ олардың құқықтық дәлдігі мен толық түсінігі жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа анықтама бере отырып, біз, бұл құбылыстың тек парақорлықпен ғана шектелмейтінін атап өтіп, оның белгілі іс-әрекет түрлерінің жиынтығы

екенін айттық. Бірақ осы жиынтықты құрайтын нақты іс-әрекет турасында әдебиеттегі пікірлер әртүрлі.

В.С. Комиссаров сыбайлас жемқорлықтың нақты қылмыстық-құқықтық көрініс нысандары ретінде қызмет өкілеттігін теріс пайдалану мен пара алуды айтады. Оның пікірі бойынша кез келген лауазымдық қылмыс сыбайлас жемқорлық болып табылмайды, бірақ кез келген сыбайлас жемқорлық қылмыс лауазымдық қылмысқа жатады.

Г.Н. Борзенков қылмыстың: талан-тараж, парақорлық және қызмет өкілеттілігін пайдалану мақсатта теріс пайдалану сияқты үш тобын сыбайлас жемқорлыққа жататын қылмыс деп көрсетеді.

П.Н. Панченко сыбайлас жемқорлықтың: қызмет өкілеттілігін теріс пайдаланып құқық бұзу, қызмет өкілеттілігін теріс пайдаланып талан-таражға салу, қызмет бабын пайдаланып пара алу сияқты нысандарын анықтады.

Л.А. Жуков коррупциялық құқық бұзуды шартты түрде пара-сыйлық, параға сатып алу және коррупциялық сыбайластық деп бөледі.

Сыбайлас жемқорлық көрініс нысандары жайлы бірыңғай келісілген пікірдің болмауы бұл терминді өз бетінше және қарама-қарсы мағынада мемлекеттік билік және басқару органдарының нормативтік-құқықтық актілеріне қолдануға әкеліп соқты.

Сыбайлас жемқорлық көрініс нысандық анықтамасы көптеген нақты қылмыс құрамының түрлері көрсетілген халықаралық құжаттарда аталып кеткен.

Біздің пікіріміз бойынша, сыбайлас жемқорлық көрінісінің қылмыстық-құқықтық нысандарын тек қана парақорлыққа әкеліп тіреу дұрыс емес. Бұл коррупция сияқты күрделі де әрқилы құбылысқа жеңіл-желпі қарау болып есептеледі. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық бұзу субъектісінің ауқымы парақорлық субъектісі ауқымынан кең екенін де есте сақтау қажет.

Осылайша, біз, сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық-құқықтық көрініс нысандарына:

а) мемлекеттік билікке қарсы, мемлекеттік қызмет және жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің мүдделеріне қарсы қылмыс;

б) лауазым иелерінің басқа да кез келген қылмыстары, сонымен қатар лауазым иесі болып табылмайтын мемлекеттік қызметкерлердің қылмысын;

в) қызмет бабын пайдакүнемдік немесе басқа да жеке мүддесі үшін пайдаланып жасаған қылмыстарды жатқызамыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қылмыстық заңдылықты дамытудың маңызы ерекше. Жоғарыда көрсетілгендей, сыбайлас жемқорлықпен күресте қылмыстық жаза маңызды рөл атқарады.

Бұл шаралар панацея емес, олар белгілі бір жағдайда ең бір тиімді мүмкіндік беретін күрестің қажетті бір бөлігінің бөлінбейтін факторы. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі сыбайлас жемқорлықпен күреске қарсы қазіргі заман талаптарына толығырақ жауап береді, бірақ сонда да болса Қылмыстық кодексте бұл тұрғыдан алғанда кейбір кемшіліктер бар. Сыбайлас жемқорлық көрінісі құбылмалы, міндетті түрде және тез жаңа түрге өзгеріп тұрады. Жеткілікті қылмыстық құқықтық нормасыз онымен күресу мүмкін емес. Сондықтан да үнемі қылмыстық заңдылықты жетілдірудің белгілі қажеттілігі туындайды.

Мемлекеттік қызметтер атқаруға өкілетті адамның не оған теңестірілген адамның және лауазым адамының өз қызмет бабы бойынша берілген мүмкіндіктерін пайдалана отырып жасаған кез келген қылмысы оны жасауды жеңілдетеді және оның қоғамдық қауіптілігін арттыратынын есепке ала отырып, “лауазым иесінің, сонымен қатар лауазым иесі болып табылмайтын мемлекеттік қызметкерлердің өздерінің қызмет өкілеттілігін пайдалана отырып, қылмыс жасауын” жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қарастырған дұрыс болар еді (ҚРҚК-54 бабы).

Заң шығарушы әділ түрде көптеген қылмыстарды өз қызмет бабын пайдалану арқылы жасалатынын көрсетеді. Осы жағдай бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігін арттырады, себебі мұндай қылмыстар субъектісінің қызмет өкілеттілігін пайдалану арқылы жасалады және сондықтан да бұл қылмысты жасау жеңіл болады.

Бірақта біздің пікірімізше, заң шығарушының бұл мәселеде белгілі бір дәйектілік ұстанымы жоқ. Кейбір қылмыс құрамын белгілеген кезде қызмет бабын пайдалану іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігін арттыратын белгі ретінде көрсетілмеген. Қылмысты адамның қызмет бабын пайдаланып жасауы белгілі бір іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі дәрежесін арттырады, сон-

дықтан бұл белгі тиісті заңда көрініс табуы қажет. Мысалы, мұндай құрамдарға Қылмыстық кодекстің 181-бабының 3-бөлігі, 180-бабының 2-бөлігі, 196 бабының 3-бөлігі, 206-бабының 3-бөлігі, 207-бабының 3-бөлігі, 251-бабының 4-бөлігі, 259-бабының 4-бөлігі және т.б. жатады. Осындай құрамдардың ауырлататын түрі ретінде қызмет өкілеттілігін теріс пайдалануды көрсету өте орынды болар еді.

Сыбайлас жемқорлық көлемінің өсуі билік органдарын бұл құбылысқа қарсы күреске бағытталған көптеген нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауға мәжбүр етеді. Бірақ мұндай шаралардың тиімділігі, оны бірінші болып міндетті түрде орындауға тиісті лауазым иелерінің оны елемеуіне байланысты өте төмен. Бұны соңғы кездері жүргізілген көптеген зерттеулер дәлелдеп отыр. “Мемлекеттік қызмет туралы” заңның негізгі ережелері де қағаз жүзінде қалды, ал онда мемлекеттік қызметшілерді табыстары және мүліктік жағдайы жайлы декларация толтыруға міндеттейді. Декларация толтырудан бас тарту жұмыстан шығаруға негіз болады. Осыған қарамастан бұл талап орындалмайды. Шенеуніктердің сыбайлас жемқорлық туралы заңды мүлде елемеуінің мұнан басқа да мысалдарын келтіруге болады. Оны бұзғаны үшін қолданылатын әкімшілік шаралардың тиімділігінің төмендігі күмән тудырмаса керек. Осыған орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заңдылыққа әдейі орындалмағаны үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін арнаулы қылмыстық-құқықтық норманы белгілеу қажет.

Коррупциямен ұйымдасқан қылмыс бөлінбейтін, бөлшектенбейтін криминалды одақты құрады. Ұйымдасқан қылмыстың қанатының кең жайылуына коррупцияланған ұйымдар себепші. Н.Л. Павленконың дұрыс пікірі бойынша “Коррупция дегеніміз – ұйымдасқан қылмыс пен мемлекеттік органдарының бірігіп кетуінің басты тәсілі”. Егер басқа елдерде ұйымдасқан қылмыс мемлекеттік шеңберге кіруге енді ғана талпынып жатса, отандық ұйымдасқан қылмыстың әуел бастан өз құрылымдары бар. Сондықтан да Қазақстандағы коррупция дегеніміз – тамыр-таныстық қана емес, сонымен қатар көп пайда табуға жетудің тәсілі. Осы тұрғыдан қарағанда Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық дегеніміз ұйымдасқан қылмыстың негізі деген ғалымдардың пікірлері логикалық

тұрғыдан дұрыс. Шын мәнінде, “ұйымдасқан қылмыстың ерекшеліктеріне коррупциямен байланыс жасау жатады, ал бұл экономика саласында маңызды операция жасауға қажетті ақпарат алуға, дер кезінде құқықтық жазадан құтылуға мүмкіндік береді”.

Осылайша, мемлекеттік билік органдарына сенімді және кең сыбайлас жемқорлық байланысы болмаса ұйымдасқан қылмыс өмір сүре алмайды. Міне, сондықтан да біз жоғарыда атап өткеніміздей ұйымдасқан қылмыс табысының заңсыз пайдасының 50%-ға дейіні пара алуға кетеді. Мемлекеттік аппаратпен коррупциялық қарым-қатынасы бар ұйымдасқан қылмыстық топтардың көбеюі қауіп тудырып отыр. Егер

2002 жылы 8 коррупциялық байланысы бар 78 ұйымдасқан қылмыстық топ (4,8%) анықталса, ал 2003 жылы 37 (12,9%) анықталды.

Айтылғандарды түсіндіре келе мынадай қорытынды жасауға болады: мемлекеттік аппаратпен ұйымдасқан қылмыс арасындағы байланысты бұзу сыбайластыққа салынған қызметшілермен ұйымдасқан қылмысқа берілген мықты соққы болып табылады. Әрине, бұл өте күрделі мәселе. Мұны орындау үшін ұйымдасқан қылмысқа қарсы кешенді бағдарлама жасау қажет. Осындай шаралардың өз өкілеттіліктерін ұйымдасқан қылмыстың топ мүддесі үшін пайдаланатын қызметшілердің қылмыстық жауапкершілігін күшейткен жөн болар еді.

Әдебиеттер

- 1 Конституция Республики Казахстана, 1995.
- 2 Газета Егемен Казахстан 13 сентября, 2003.
- 3 Газета Егемен Казахстан, 25 сентября, 2002.
- 4 Агубаева А.Н. Уголовное право. Особенный отдел: учебник. – Алматы: Семь уставов, 2004. – 540 б.
- 5 Газета закона, 9 января 2002.
- 6 Практические меры борьбы с коррупцией. Руководство, подготовленное секретариатом ООН., масло, 1990.
- 7 Панченко П.Н. Уголовно-правовая характеристика коррупций. // (Материал научно-практической конференции, 18-19 апреля 1995.). – М., 1995. – 120 б.
- 8 Борзенкова Г.Н. Уголовно-правовые меры борьбы с коррупцией. // Вестник МГУ, право №1, 1993 г. 30-15 б. Гальперин Г.И. Организованная преступность, коррупция, уголовный закон. // Социалитическая законность, №4, 1989. – 34-16 б. Мишин Г.К. Коррупция: Понятие, сущность.

References

- 1 The republics of Kazakhstan Konstitucia Almaty, 1995
- 2 Egemem newspaper of Kazakhstan of September, 13, 2003.
- 3 Egemem newspaper of Kazakhstan, September, 25, 2002.
- 4 Agybaev of A.N. Criminal law. Special department. Textbook. – Almaty, Seven charters, 2004. – 540.
- 5 Newspaper of law, on January 9, 2002.
- 6 Practical measures of fight against a corruption. Guidance prepared by the UNO., oil, 1990.
- 7 Pan4enko П.Н. Corruptions. // (Material of research and practice conference, April, 18-19 1995). – М., 1995, 120.
- 8 Barzenkova of measures of fight against a corruption. // Announcer МГУ, right №1, 1993 30- of Г.И. Organized crime, corruption, criminal law. // legality. – №4, 1989 34-16. of Г.К. Corruption: Concept